

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 20 наурыздағы  
№ ДС-126 сауалға

### Құрметті депутаттар!

Майдангерлеріміздің атын мәңгі есте сақтауға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берген 2025 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге дайындықты бастауға қатысты тапсырмаға сәйкес жоспар жобасы (бұдан әрі – Жоспар) пысықталуда.

Жоспар аясында елді мекендерге, көшелерге ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің есімдерін беру, олардың ескерткіштерін абаттандыру жұмыстары жүргізіледі.

Түрлі форматтағы кештер, зерттеулер, экскурсиялар, байқаулар, концерттер және басқа да көптеген шаралар ұйымдастырылады.

Сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен бірлесіп ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің құжаттарын, дербес деректерін іздеуді және цифрландыруды жүйелеу үшін арнайы Ұлттық портал құру мүмкіндіктері қарастырылатын болады.

Бұдан бөлек, 2024 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің және Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу жоспарлануда.

Баяндалғанның негізінде аталған шараны Үкіметпен қатар қоғам өкілдерінің, депутаттар корпусының атсалысуымен тиісті деңгейде іске асыратын боламыз.

**О. Бектенов**